

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы" 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 856 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат):

14-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

3)	С о т сараптамасы орталығының сот медицинасы бөлімшелеріндегі психиатриялық және наркологиялық сараптама бөлімшелеріндегі жұмысы үшін		БЛА-дан 60 %		
----	---	--	--------------	--	--

";

реттік нөмірі 2-жолдың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

1)	С о т сараптамаларын ың әр түрін жүргізу бойынша біліктілік куәлігі б а р сарапшыларға		сараптаманың 2 түрі – БЛА-дан 50 % ; сараптаманың 3- тен 5 түріне дейін – БЛА-дан 75 %; 5 түрден астам – БЛА-дан 100 %		
----	---	--	--	--	--

”;

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

4.		Психоэмоциялы қ және дене жүктемесі үшін қосымша ақы		Қызметкерлерді ң лауазымдары м е н мамандықтарын ың нақты тізбесі және олардың психоэмоциялық және дене жүктемесін айқындайтын өлшемшарттары осы қаулыға 21- қосымшаға с ә й к е с белгіленеді	
	С о т сараптамалары орталығының қызметкерлері: сот-медициналы қ , сот-наркологиял ы қ , сот-психиатриял ы қ сарапшы, мейіргер, зертханашы, медициналық тіркеуші, санитар		БЛА-дан 150 %	Сот-медицинал ы қ , сот-наркологиял ы қ , сот-психиатриял ы қ сараптамамен тікелей айналысатын мамандарға	

”;

көрсетілген қаулыға 21-қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол және реттік нөмірі 6-жолдың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

”

6	Патологоанатомиялық бюролардың (бейланысты жұмыс, бөлімшелердің), Сот сараптамалары	Мәйітті ашуға (байланысты жұмыс, патогендік флорамен байланыста болу қаупі,			
---	--	--	--	--	--

	орталығының мамандары :	қайтыс болған науқастардың, қаза тапқан және өлтірілген адамдардың туыскандарымен қарым-қатынас жасау кезіндегі психоэмоциялық ширығу .	
1)	сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сарапшы, мейіргер, зертханашы, медициналық тіркеуші, санитар	Зор шыдамдылық таныту және аса зейінді болу, айыпталушылармен, жәбірленушілермен, маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық сияқты созылмалы аурулармен ауыратын адамдармен және басқа да адамдармен қарым-қатынастың күрделілігіне байланысты жүйке-эмоциялық ширығу.	

”.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин